

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

исторических судеб людей. К.Д. Ушинский указывал на особенности в воспитании национального характера. Он писал, что школа должна действовать в направлении развития и изучения родного языка. В своей работе «О народности в общественном воспитании» отмечал, что в работе с детьми нужно стремиться давать учащимся как можно больше общечеловеческого, но через национальное [4]. Созвучны высказыванию К.Д.Ушинского слова В.Г.Белинского, который говорил, что даже тогда, когда прогресс одного народа совершается через заимствование культуры у другого народа, он достигается национально. Когда же народ поддается напору чуждых ему идей и обычаев, не имея в себе силы перерабатывать их самостоятельностью собственной национальности в собственную сущность, тогда народ гибнет политически [5].

Вышеизложенный анализ и выделение особенностей этнокультурного воспитания будут актуальными и при физической подготовке будущих специалистов. Происходящие в стране социально-экономические изменения, их сложность, противоречивость и недостаточная научная обоснованность обуславливают необходимость изменения образовательной стратегии в учебных заведениях. В ходе современных преобразований жизни, совершенствования социальных и политических отношений необходимы новые подходы к воспитанию личности учащейся молодежи, формирования основ гуманизма, нравственности, трудолюбия, ответственности, физического, социально-культурного развития, их целостного интегративного проявления. Это обостряет проблему формирования и развития духовности личности гражданина современного общества, приоритета духовно-нравственного воспитания.

Список использованных источников:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» от 29 января 2010 года.
2. Ушинский, К.Д. Человек как предмет воспитания. Собр соч. – М. Л.; Издательство АПН РСФСР, 1952. т.8. 442 с.
3. Коменский, Я. А. Избранные педагогические сочинения М.; 1955. 267 с.
4. Ушинский, К.Д. О народности в общественном воспитании. Пед. Соч. в 6 т. // Сост. С.Ф. Егоров. – М.; Педагогика, 1988. т. 1.161 с.
5. Белинский, В. Г. Избранные педагогические сочинения / Под ред. действ. чл. АПН Е. Н. Медынского. – М.; Л., Академия пед. наук РСФСР, 1948.76 с.

ӘОЖ 374.1

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ

Жұман Жәния Ұбайдуллақызы

Jan97_love@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өлеуметтік ғылымдар факультеті
«Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ф. Жумабекова

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа жолдауында «Біз әрбір адамның ар-намысын, жағымды қасиеттері мен беделін, жоғары адамгершілік, этикалық стандарттары және рухани құндылықтарын бағалайтын қоғам құруымыз керек» деп атап көрсетті. Осы талаппен «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының, өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру және тәрбиелеу басымдылығының мәнін күшейтуге бағытталған, жалпы мақсаттары ұштасады [1].

Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы 12 шілдедегі №566 бұйрығымен бекітілген «Өзін-өзі тану» курсы жобасын әзірлеу және апробациялау бойынша эксперимент табысты іске асырылуда. Жеті жылдық эксперименттік апробациядан кейін «Өзін-өзі тану» бағдарламасы республиканың барлық өңірлерінде педагогикалық және ата-аналар жұртшылығының белсенді қолдауына ие болды. Тәуелсіз Қазақстан үшін жалпы адамзаттық мәселе, рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет [2].

Қазақстан Республикасында рухани-адамгершілік білім беру тұжырымдамасының алғашқы нұсқасы психология ғылымының докторы, профессор Х.Т.Шерьязданованың жетекшілігімен дайындалды. Тұжырымдаманың негізіне адамның өзіне, өзгелерге, табиғатқа, қоршаған ортаға және ұлттық құндылықтарға ізгілікті қарым-қатынас орнатуына ықпал ететін адамның үйлесімді дамуына қажетті идеялар салынды. Бұл тұжырымдаманың негізінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын эксперименттік байқаудан өткізуді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ететін екі балама бағдарлама жасалды. Олардың біріншісіне республикалық мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру институтының әдіскері Н.И. Бахмутова, ал екіншісіне психология ғылымының докторы, профессор Х.Т.Шерьязданова жетекшілік етті [3].

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің келесі тұжырымдамалық негіздері 2002 жылы ҚР БҒМ Философия және политология институтының ғалымдары профессорлар Ә.Нысанбаев пен Г.Г. Соловьева жазған «Балалармен бірге өзгереміз» атты еңбекте көрініс тапты. Бұл ғалымдар «Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты жаһандану жағдайында бақытты өмір сүре алатын, қоршаған ортамен ізгілікті қатынас орнататын, басқа халықтарға түсіністікпен қарай алатын және әртүрлі мәдениеттер мен өмірлік тәжірибелерге құрмет танытатын, сонымен қатар өзінің ұлттық бейнесін сақтап, қорғай алатын рухани-адамгершілік мұраттармен қаруланған, біртұтас рухани дамыған адам қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп пайымдады [3].

Бүгінгі таңда он жылдан астам ғана тарихы бар «Өзін-өзі тану» пәні адамның өзін-өзі тану үдерісіндегі шетелдік ғалымдардың ой-пікірлерін зерделей отырып, отандық ғалымдардың зерттеулері мен тұжырымдарының негізінде пән ретінде қалыптасты. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін теориялық тұрғыдан дәйектеген Қазақстандық ғалымдар А.Н.Нысанбаев және Г.Г.Соловьева рухани-адамгершілік білімнің философиялық тұрғысын, К.Ж.Қожахметова педагогикалық және этнопедагогикалық тұрғысын, М.Х.Балтабаев оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі мәденилік тұрғысын, Х.Т.Шерьязданова рухани-адамгершілік білім берудегі психологиялық тұрғысын зерттеді [3].

«Өзін-өзі тану» – жаңа интегративті пән, оның мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік мұраттарына сүйене отырып оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Бұл пән әрбір жас жеткіншекке өз өмірінің мәнін түсінуге және осы өмірдегі мақсаты мен мұраттарын анықтауға, шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін ашуға, қоғамдағы өз орнын табуға, өзі мен өзгелерді, сонымен қатар, өзін қоршаған әлемді бағалай білуге үйретуді көздейді. Сол себепті Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәні жеке тұлғаның азаматтық белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды мақсат тұтады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесіне өзек болатын рухани-адамгершілік құндылықтардың тамыры тереңде жатыр. Ол халқымыздың ұлттық құндылықтарынан, рухани мұраларынан, ділінен, тағылымдық ой-толғауларынан бастау алады. Өзін-өзі таныған, өмірдің мәнін түсінген адам, өзін-өзі қадағалап, сынап, өзін-өзі тәрбиелеуге, өмірден өз орнын табуға ұмтылады. Өзін-өзі тану, қазіргі заманғы білім

берудің мәні мен мақсатын анықтай отырып, адамды бүкіл өмір бойы белсенді жасампаздық әрекетке дайындайды. Өзін-өзі тану білім берудің мәні белгілі бір сала бойынша білімді жинақтау емес екендігін түсінуді, адамның өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруын, тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асыруды, шығармашылық белсенділікке, зияткерлікке, өзімен және өзін қоршаған ортамен үйлесімділікке қол жеткізуін қамтамасыз етеді [3].

«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты: оқушының өмірлік айқындамасын анықтауы; түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешуі; өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау; адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу; өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу; жасампаздық пен белсенділік, азаматтылық және елжандылық таныту; өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу; қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

«Өзін-өзі тану» пәнінің негізгі міндеттері:

- оқушылардың өз-өзіне, адамдарға және қоршаған ортаға деген құндылық қарым-қатынастарын, айналасындағы адамдарға деген сезімталдық және кішіпейілдік таныту қабілеттіліктерін ашу;

- жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтардың мәнін түсінуге, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру;

- өзін, өзгелерді, әлемді және адамзатты танып-білу, өзінің өмірдегі орнын түсіну, өзіне және басқаларға жақсылық пен сүйіспеншілік таныту ниеттерін дамыту;

- өзін дәріптеу, өзіне сену, өз ойы, сөзі және іс-әрекеті үшін жауапкершілік сезімдерін дарыту;

- адам мен ішкі және сыртқы ортаның өзара байланыстылығын, оның табиғатпен біртұтастығын, тән және жан саулығының бір-бірімен тығыз байланыстылығын түсіну, салауатты өмір сүрудің негізі ретінде өзінің дене және психикалық күйін реттеу қабілеттіліктерін арттыру;

- әлеуметтік айқындамалар мен рөлдердің көп қырлылығы тұрғысынан өзінің әрекеттері мен мінез-құлықтарын реттеуде терең ойланып, сезіне білу қабілеттіліктерін дамыту; күнделікті өмірде нақты мәселелерді шешуде жасампаздық белсенділік таныту [3].

Қазіргі педагогика ғылымы тәрбие саласындағы басым міндеттердің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде тәрбиелеу қажеттігін дәлелдеп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда “Бөбек” қорының президенті Сара Алпысқызының “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім жобасы республикамыздың білім беру мекемелерінде, балабақшаларда эксперименттік пән ретінде жүргізіліп келеді. Тәжірибе алаңдарының бірі ретінде “Бөбек” орталығына қарасты “Өзін-өзі тану” мектеп-гимназиясын айтуға болады. Мектеп-гимназияның білім беру мақсаты – әр оқушының қабілеттерін ашу және дамыту, ұлттық және әлемдік мәдениетпен ықпалдастырылған адамгершілік құндылықтарды жоғары қоятын, рухани-адамгершілігі мол және тәні сау, зиялы жасампаз тұлға қалыптастыру. Гимназияда 600-ден астам бала білім алып жатыр. “Өзін-өзі тану” мектеп-гимназиясының қазіргі заман талабына сай оқу және компьютерлік сыныптары, лингофондық кабинеттері, зертханалары, акт және спорт залдары бар. Сол сияқты оқушылар мен мұғалімдерге арналған үлкен екі оқу залы бар кітапхана 75 мыңнан астам анықтамалық, энциклопедиялық, ғылыми, әдеби, оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттермен жабдықталған.

“Өзін-өзі тану” мектеп-гимназиясының басқа білім ордасынан басты ерекшелігі шәкірттерге сапалы білім беріп қана қоймай, үйлесімді дамыған тұлға болып қалыптасу үшін оларды сүйіспеншілік, бауырмалдық, қайырымдылық, төзімділік, ізеттілік сияқты игілікті қасиеттерге үйретеді. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісі және қосымша білім беру жаңа пәннің бағдарламалық мазмұнын ескере отырып ұйымдастырылған. Дәстүрлі мектеп линейкасының орнына барлық оқушылар мен педагогтар қатысатын “Шаттық шеңбері” жүргізіледі. Ол бір-біріне сенімділік, достық сезімдерін арттыруға және шынайы қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Еліміз егемендік алғалы халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани болмысында көптеген түбегейлі өзгерістер мен жаңғырулар жүріп жатыр. Соның нәтижесінде жаңа дүниетаным мен өмірге деген жаңа көзқарастар, ұлттың рухани болмысында өзіндік ерекшеліктері бар өмір ағымынан туындаған құндылықтар жүйесі қалыптасуда. Осы құндылықтардың түп негізі адамдар санасында ғасырлар бойы қалыптасқан болмыс-бейнесі, образдар мен символдар жүйесі, ұлттық ойлау айшықтары, халықтың дүниеге шынайы түрдегі көзқарасы, наным-сенімдері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, аңыз-ертегілері, жыр-дастандары, ойшылдардың шығармалары, ұлттық мұралардан бастау алады. “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беруде жалпыадамзаттық құндылықтарға басым бағыт берумен қатар, педагогика, психология, философия, мәдениеттану, т.б ғылымдармен бірге ұлттық, әлемдік құндылықтардан да тағылым алады. Ал “Өзін-өзі тану” пәнінің ресми-нормативтік құжаттарын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін “Бөбек” ұлттық ғылыми-практикалық білім және сауықтыру орталығына қарасты Адамның үйлесімді даму институтының ғылыми қызметкерлері, педагог-ұстаздары дайындайды [4].

Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 28 тамыздағы №462 бұйрығымен бекітілген “Өзін-өзі тану” пәнінің Қазақстан Республикасы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында” осы пәнді оқытудың болашақ бағдары мен бағыты айқындалды. Аталған стандарттың негізгі қызметі мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастыру талаптарын анықтау болып табылады. 2006 жылы оқу қазақ тілінде жүретін мектептердің 1-4 сыныптарына, орысша 1-5 сыныптарға арналған “Өзін-өзі тану” пәні байқау төл оқулықтары, әдістемелік құралдары, оқушы дәптерлері жаңадан жазылып, тәжірибе алаңдарына ұсынылды. Бұл игі іс 2007 жылы 5-6 сыныптарда қазақша, 6-7 сыныптарда орыс тілінде жалғасын тапты.

Астана қаласы 2014 жылдың 21 тамызында Республикалық педагогикалық тамыз кеңесінің секциялық отырысында білім беру ұйымдарының басшылары, «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері, «Бөбек»ҰҒПББСО ата-аналар қауымдастығының өкілдері оқушылардың адамгершілік-рухани тәрбиесі бойынша тәжірибе алмасты. «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы шеңберінде мұғалімдер оқушылар мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттесу формаларын талқылады. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесіне «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын кірістіру жағдайында мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің негізгі қағидаларын жинақтап, келесідей ұсынымдар қабылдады:

1.Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесіне «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасын болашақта тереңірек кірістіруді енгізу бойынша жұмыстарды белсендіру.

2.«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған қызметке қоғамдық бірлестіктерді құру және белсендендіру бойынша жұмыстарды жалғастыру.

3.Оқу-тәрбие процесіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын тереңірек енгізу моделін жүзеге асыратын пилоттық білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмасу және өзара әрекеттестікті жалғастыру.

4.«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тренингтерін, мастер класстарын балаларға, педагогтарға, ата-аналарға өткізуді белсендіру.

5.«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің үлгілі педагогикалық тәжірибелерін БАҚ-та жариялауын ұйымдастыру.

6.БАҚ-та электрондық және қағаз беттерінде демографиялық даму, балалардың адамгершілік-рухани тәрбиесі, отбасылық саясаттың сұрақтары бойынша «сұрақ-жауап» айдары, тұрақты телевизиялық және радиобағдарламалық сұхбаттар ұйымдастыру.

Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде, оларды адами ізгі қатынастарға үйретуде “Өзін-өзі тану” пәнінің маңызы ерекше. Өзін-өзі тануды оқытудың басты мақсаты әр адамның өмірде жеке тұлға ретінде сезінуіне ықпал етіп, өзін толық іске асыруына, өзінің әлеуметтік рөлі мен өмірлік мұратының мәнін ұғынуына, қоғамға қызмет ету әлеуетін көтеруге және әрбір

адамның өзіндік ішкі мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге үйрету болып табылады. Бұл мақсат өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік білімі мен тәрбиесінің жалпыадамзаттық, ұлттық, этно-мәдени және тұлғалық құндылықтардың үйлесімді жинақталуымен ерекшеленеді әрі олардың физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік, шығармашылық өсуі тұрғысынан үйлесімділікке қол жеткізу қабілеттерін дамытады және балалардың өмірден өз орнын табуы үшін өз бойындағы табиғи дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне көмектеседі. Осы тұрғыдан келгенде “Өзін-өзі тану” пәнінің жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзектілігі арта түседі. Өзін-өзі тану баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзгелердің талқылауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді [4].

Өзін-өзі тану үдерісінде мұғалімнің рөлі айрықша. Қазіргі мұғалім оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, балалардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуды дұрыс ұйымдастыра алатын білікті маман болуы керек. Балаларға деген махаббат, әрбір баланың жеке даралық қабілеттерін құрметтеу, шыдамдылық, “ізгі ақыл” мен “жылы жүрек” өзін-өзі тану мұғалімінің ең басты қасиеттері болуы тиіс. Өзін-өзі тану мұғалімінің құндылыққа бағдарланған әрекеті оқушылардың білім алуына, даналықты, адамзаттың мәдени жетістіктерін ұғынуына, өзара түсіністікті және қоғамның барлық мүшелерімен жағымды қарым-қатынас жасауды үйренуіне мүмкіндік береді. Осының барлығы оқушыларды біліктіліктерін дамытуға ықпал етеді. “Әр бала – керемет рухани күш иесі. Ол шетсіз шексіздікті танып білуге ұмтылады. Мұндай ұмтылыс адам баласының бойында дүниеге келген сәтінде-ақ пайда болады. Сондықтан да кез келген мұғалім әр балаға рухани күш иесі ретінде қарауы керек. Мұғалімнің мұндай көзқарасы баланың белсенділігін арттырады. Білімге деген құштарлығын көбейтеді. Балаға сеніммен қарау баланы тек қуаттандыра түседі”, – деп белгілі педагог Ш.Амонашвили айтқандай, пән мұғалімінің баланың жүрегіне жол тауып, олардың көңіліне адамгершілік рухын себе білу шеберлігін қажет етеді. Сонымен қатар, пән мұғалімі оқушылармен бірлесе әрекет етуге әрдайым дайын тұратын, сыни ойлау қабілеті оқушыларды қанаттандыратын, оларды өзіндік ізденіс пен шығармашылық әрекетке жұмылдыра алатын адам болуы тиіс. Осындай күрделі де жауапты міндет жүктелген ұстаздар мен баланың ара қатынасында ешқандай кедергі болмауы керек, олардың өзара түсіністігі, сыйластығы және бір-біріне деген құрметі көздеген мақсатқа жетудің сара жолы болмақ. Білім беру ұйымдарында жүріп жатқан тәжірибе нәтижесі айқындағандай “Өзін-өзі тану” пәні мектеп мұғалімдерінен, ата-аналар, тіпті оқушылардың өздерінен де нақты қолдау тауып үлкен мәнге ие болуда. Өскелең ұрпақтың қазіргі қоғам өзгерісін дұрыс қабылдап, жаһандану үрдісінен жеке тұлға ретінде ұлттық болмысын, ділін, дінін, тілін сақтап, өзіне, болашаққа деген нық сенімде болуы үшін мектептегі тәрбие жұмысының өзегі де рухани-адамгершілік білім беруге негізделуі тиіс. Рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейірімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында “ұят”, “ар”, “намыс” секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады [4].

Қорыта айтқанда, он жылдан астам тарихы бар «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әр кезеңі қайталанбас тарих беттері болса, пәннің болашақта даму үрдісі адамзат баласын ізгілікке, руханилыққа апаратын сара жол деп санаймыз. Өйткені, тәуелсіз еліміздің төл перзенттері рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда құзыреттілік таныта алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан мен тән үйлесімдігін сезіне алатын саламатты тұлға болып қалыптасуы тиіс. Осындай ізгі мақсатқа құрылған игі істің болашағы да зор болары сөзсіз, себебі өзін-өзі тану адамның өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыруын, тұлғалық дамуына ұмтылысын жүзеге асыруды, шығармашылық белсенділікке, өзімен және өзін қоршаған ортамен үйлесімдікке қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Сондықтан әлемді құндылық тұрғысында ұғыну барысында өзін-өзі танудың рөлі шексіз арта түседі. Бұл өз кезегінде жеке тұлғаның өмірдің мәнін, өзінің өмірдегі орнын түсінуіне көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана, 2012 жылғы 27 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Казахстанская правда, 2007 ж., 27 шілде.
3. Өзін-өзі тану. Қазақстан Республикасы Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы: «Бөбек»ҰҒПББСО, 2006
4. Айболат СЕЙТАҚОВ, “Бөбек” ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы, Адамның үйлесімді дамуы институты директорының орынбасары. Алматы.
5. “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті" ААҚ, 2006

УДК 37.013.42: 376

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жүнісханова Қуаныш Жанатқызы

zhunuskanova@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ф. Жұмабекова

"Барлық балалар тумысына, нәсілі мен ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, тіліне, дініне, мекен-жайына, денсаулық жағдайына, сонымен қатар бала мен оның ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты жағдаяттарға қарамастан тең құқыққа ие". 1989 жылдың 20 қарашасында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған "Бала құқығы Конвенциясының" 23 бабында белгіленгендей "мүмкіндігі шектеулі балалар толыққанды және өз беттерінше өмір сүре алу үшін оларға қамқорлық пен көмек көрсетілуі қажет" [1].

Балаларға деген көзқарас - мемлекет дамуының, әл-ауқатының және қоғам мәдениеті деңгейінің көрінісі екендігі белгілі. 2009 жылы жүргізілген халық санағына сәйкес 18 жасқа дейінгі балалар саны Қазақстан халқының 33%-ын құрады [2].

«Қазақстан-2050» стратегиясында балалардың ерекше рөлі ҚР Президентінің саяси ұстанымымен айқындалған: «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі, олар құқықсыз болуы тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығының қорғалуын талап етемін» - деп айтып өткен Нұрсұлтан Әбішұлы [3].

Бүгінде бала құқығын қорғауда көптеген ұйымдар құрылып жұмыс жасап жатыр. Солардың ішінен ең маңыздысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауындағы «Балалардың құқықтарын қорғау комитетін» атап өтуге болады.

Бұл комитеттің негізгі мақсаты: балалардың сапалы өмірінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

-тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген адамгершілік-рухани дамуын қалыптастыру, отбасы және отбасы құндылықтарын насихаттау, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша мәселелерді қоғам арасында жария ету;

-мемлекеттік әлеуметтік саясат саласында бала мүдделерін ескере отырып заңнамаларды жетілдіру;

Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғаумен сонымен қатар прокуратура органдары да айналысады. Елімізде 140 мыңнан астам даму мүмкіндігі шектеулі балалар